

функции на отрезке, т.е. завершающим этапом при изучении данной темы было построение блок-схемы учащимися с помощью учителя.

ЛИТЕРАТУРА

1. Викол Б.А. Формирование элементов исследовательской деятельности при углубленном изучении математики: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. М., 1977. 22 с.
2. Кудайкулов М., Мырзакурова Н. Технология развития творческого мышления учащихся // Научно-педагогический журнал «Білім – образование». Алматы, 2006. №4 (28). С. 73.
3. Кабанова-Меллер С.Н. Психология формирования знаний и навыков школьников. М.: Изд-во АПН РСФСР, 1970. 376 с.
4. Фридман Л.М. Логико-психологический анализ школьных учебных задач. М.: Педагогика, 1987. 208 с.
5. Циген Т. Физиологическая психология. М., 1949. 246 с.

Резюме

Ұғымның құрастырылуының негізгі тәсілдері қарастырылады, ол оқушылардың математикалық ойларын дамытуға көмектеседі. Автордың шешуі бойынша, математикалық ойларды дамыту тапсырмаларды шешу арқылы жүзеге асырылады. Ол белгілі ғалымдардың ойларын қарастыра келгенде, қазіргі уақытта мектептегі

математика жүйесіндегі тапсырмалар жүйесі окушылардың зерттеу қызметінің базасына және окушылардың математикалық ойлардың дамуына қатысты болуы мүмкін еместігін білдіреді. Шынында да, мектеп жүйесіндегі математикалық көп тапсырмалар алгоритмдек болып келеді, олардың шешімдері алдын ала белгілі және тапсырманы шешу үшін ойыннан ешиәре коспай-ақ орындау керек.

Summary

In this work there are considered principal methods of formation of notions which serve to development of mathematical thinking of pupils. The author confirms that mathematical thinking is mainly performed through a task solution. He gives statements of popular scientists-supervisors about the fact that the presently existing system of tasks of a course in mathematics cannot be the base for involvement in the research activity of students on its base and for formation of mathematical thinking of students. Indeed, many tasks of the school course in mathematics are tasks of an algorithmic type where actions are given beforehand and, which should be performed not introducing practically nothing "clever" on one's behalf in the course of a task solution.

УДК 372.851.02

Жетысуский государственный
университет им. И. Жансугурова,
г. Талдыкорган

Поступила 16.10.07г.

A. Б. АГЖАНОВА

НОТАРИАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҰЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ БАСТЫ ҚАҒИДАЛАР

Казақстан Республикасы егемендік алып нарықтық экономикага бет бұруы азаматтық құқықтық қатынастардың үлкен қарқынмен дамуына негіз болды. Азаматтық құқықтықтар түрлі азаматтық құқықтық мәмілелер арқылы жүзеге асырылады. Мұндай мәмілелерді жасауда нортариустардың алатын орны ерекше. Қазіргі кезде нотариустер азаматтардың арасындағы азаматтық құқықтық қатынастарды рәсімдеп қана қоймай, қажет болған жағдайда занды фактілерді және құжаттарды күеландырады.

Нотариат қызметінің негізгі қағидаларын қарастырmas бұрын оның пайда болу негізі мен қандай қажеттіктерден пайда болғанын қарастыра кетейік.

Нотариат өзінің пайда болу және даму тарихында ежелгі Рим мемлекетінің дамыған уақытында жеке бір институт ретінде қалыптасты. Сол кездің өзінде-ақ римдіктерде магистрлар мен сот формул-

дарының жазбаша қаулыларын рәсімдеп отыратын лауазымды адамдар, яғни, жазушылардың ерекше институты болды. Бұл қызметті орындаушыларды «нотариустер» деп атады. Бұл Римнің (notarii) «notta» деген сөзінен шықкан, яғни жазушылар тез жазу үшін қолданылған стенографиялық белгіге қарап шықкан сөзі болатын [1]. Ресей мемлекетінде нотариат тарихы өзінің басын сонау 15 ғасырдың басынан алады. Мұліктің жекелеген бөліктеріне өту туралы құқық жайлы мәмілелер акт формасында жүзеге асып отырды. Мәмілелерге жасалған акт бүйректар кітабына жазылған, осы кезден бастап, мәміле жасалды деп есептелген.

I Петрдің патшалық құрған кезеңінде мәмілелерге жасалған құжаттарды әділет коллегиялары мен губернаторлар ресімдеген. Кейінрек бұндай мәмілелерді қуәландашу арнағы тиісті орындарда жүзеге асатын болды.

Ресейдегі 1864 жылғы сот реформасы ондағы нотариатты қайта құрды. 1864 жылы нотариалдық бөлім туралы ереже шығып, нотариус қызметі қалыптасты. Нотариустар аймақтық соттарға тіркеліп, сот палатасының бас председателі қызметіне тағайындалды. Бұл ереже 1917 жылға дейін іске асты [2].

1917 жылғы революциядан кейін 24 қарашада 1917 жылғы №1 «Сот туралы» декрет осы кезге дейінгі әрекет етіп келген сот бүйректарының күшін жойды. Онда нотариат туралы анық айтылmasa да осыдан бастап нотариат қызметі қысқартылып кетті.

Нотариаттық қызметті әртүрлі мекемелер жүзеге асыра бастады: олар жергілікті советтердегі нотариалдық бөлімдер, бұларды халықтық нотариустар құрды. Сондай-ақ әділет бөлімдері, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдері, азаматтық хал актілерін жазу бөлімдері, яғни, әртүрлі әкімшілік органдар нотариустар атқаратын нотариаттық қызметті жүзеге асырып отырды.

Тек қана 1919 жылғы желтоқсан айындағы «Сот туралы» №2 декрет нотариаттық іс-әрекеттер тек нотариус арқылы, нотариус болмаган жағдайда олардың орнын ауыстыратын лауазымды адамдар арқылы жүзеге асатынын көрсетіп, ары қарай нотариат институтының дамуына зор ықпалын тигізді.

1919 жылғы жергілікті советтердегі нотариалдық бөлімдер нотариаттық столдармен ауыстырылды.

1922 жылғы 4 қазанда «Мемлекеттік нотариат жайлы» ереже 1917 жылдан кейінгі Ресейдегі жеке мемлекеттік мекемелер есебінде құрылған нотариаттардың жұмысын аяқтады.

Ал 1973 жылғы 19 шілдеде қабылданған СССР-дің [3] «Мемлекеттік нотариус» туралы Заңы 1922 жылдың қазан айынан 1973 жылғы шілдеге дейінгі нотариат жайлы қабылданған ережелер мен нормативті актілердің қорытындысы болды және бұл заң СССР-мен Ресей Федерациясындағы Нотариаттар жүйесін құрды (СССР-дың «Мемлекеттік нотариус» туралы Заңы 23 бап, 42 бет). Бұл заңда мемлекеттік нотариаттың құрылуы мен міндеттері, нотариаттық қызметтің принциптері мен өкілдіктері, нотариалдық іс-әрекетің жүзеге асу тәртібі және шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға нотариаттық заңдардың қалай қолданылатыны көрсетілген. Осы заңға сәйкес 1974 жылдың 1 қарашасында Қазақ ССР-ның «Мемлекеттік нотариус» туралы заңы шықты.

Нарықтық экономикалық қатынастарға көшуімізге, меншіктің көптеген түрінің пайда болуына, кәсіпкерліктиң дамуына, экономикалық кеңістікке

шығуымызға байланысты, нотариатты қайта құру, яғни реформалау керек болды. Сол үшін алдымен Ресейде 1993 жылдың 11 ақпанында «Ресей Федерациясындағы нотариат» туралы ЗандараС негізі қабылданды.

Ал біздің Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 14 шілдесінде қабылданған «Нотариат туралы» заң нарықтық экономиканың құқықтық негізін құрайтын түйінді зандараСың бірі болды [3]. Бұл заң нотариаттың құрылымдық негізінің өзгеруін ескере отырып, мемлекеттік нотариатпен қатар жеке меншік нотариустардың пайда болатынын айқындалды. Мемлекеттік және жеке меншік нотариустардың нотариалдық қызмет атқарудағы құқықтары мен міндеттері біркелкі. Олар ресімдейтін құжаттардың да зандақ құші бірдей болып табылады.

Қазіргідей құқықтық реформалар жүргізу кезеңінде нотариалдық іс-шаралардың құқықтық мазмұны едәуір төмөнделеп кетті. Бұл жағдай ең алдымен нотариус білімінің кәсіптік дәрежесіне деген талаптарды қүштейтуге шақырды.

Нотариатты үйымдастыру принциптерінің негізі болып азаматтар мен занды тұлғаларға нотариаттық қызметті жақсартып, кепілдік берілген құқықтары мен занды мүдделерін корғау үшін кеңінен бәрі-бірдей тең, Конституция негізінде құқықтық көмек беру болады [4].

Нотариаттық қызмет дегеніміз – нотариустың және өзге де үәкілдегі адамдардың занда көзделген нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы.

Нотариустер мен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға үәкілдегі басқа да адамдар нотариаттық іс-әрекеттер жасағанда тәуелсіз болады және тек занға бағынады.

Бұл нотариаттың конституциялық принциптерінің негізгі бастамасына жатады.

Нотариаттың конституциялық принциптері:

1. тәуелсіз және занға бағыну принципі.

2. зандалық принципі – бұл нотариустер және нотариаттық іс-әрекеттер жасауға үәкілдегі басқа адамдар өздері жасаған іс-әрекеттерін заң негізінде, зандараСа сүйене отырып жасауды, яғни нотариаттық іс-әрекет жасау үшін табыс етілген құжаттар, мәмілелер заң талаптарына сәйкес келмесе, нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартылуы мүмкін.

Нотариаттық іс жүргізілетін тіл – Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңымен Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес мемлекеттік тіл – қазақ тілінде және ресми тілде қазақ тілімен тең қолданылатын орыс тілінде жүргізіледі.

Егер нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген адам іс жүргізетін тілді білмесе, ресімделген құжаттардың мәтіндері оның өтініші бойынша КР «Нотариат туралы» Заңының 80-бабына сәйкес ақы төлеңтіріп, аударылып берілуге тиіс. Аудармашы өзі аудармасына қол қойған түп-нұсқалығын нотариус куәланырады.

Сонымен, нотариат – бұл даусыз келісім- дерді, фактілерді, дәлелдемелерді, құжаттарды куәланыруды және азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтарын, мұдделерін заңды түрде бекітуге бағытталған басқа да нотариалдық іс-шараларды орындау қызметтерін жүзеге асыруши органдар жүйесі (КР «Нотариат Туралы Заңы» З бап. 9 бет).

Нотариалдық қызметтің негізгі міндепті – азаматтар мен заңды тұлғалардың субъективті құқығын қорғау.

Нотариустың соттан айырмашылығы даулы мәселелерді қарамайды және шешпейді, яғни, нотариаттық қызметтің пәні – даусыз істер. Нотариус өзінің қорытынды қызметін тек заң негізінде жасалған құжаттарға және нақты фактілерге сеніп атқарады.

Нарықтық экономиканың құқықтық негізін қарайтын түйінді заңдардың бірі Қазақстан Республикасының 1997 жылы 14 шілдесінде қабылданған – «Нотариат туралы» Заңы нотариаттық құрылымдық өзгеруін ескере отырып, мемлекет-тік нотариатпен қатар жеке меншік нотариаттардың пайда болатынын айқындалды.

Мемлекеттік нотариус не жеке практикамен айналысадын нотариус өз қызметтері шенберінде, заң бойынша бірдей іс-әрекеттер жасайды. Олар «Нотариат туралы» Заңының 34-бабы бойынша:

1. мәмілелерді куәланырады;
2. шаруашылық серіктестіктерінің құрылтай құжаттарын куәланырады;
3. мұралық құқық туралы күеліктер береді;
4. мұралық мұлікті қорғауға шаралар қолданады;
5. ерлі-зайыптылардың және ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге адамдардың ортақ мұліктегі үлеске меншік құқығы туралы күеліктер береді;
6. мұлікті иеліктен алуға тыйым салады және салынған тыйымды алып тастайды;
7. құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәланырады;
8. құжатқа қойылған қолдың түпнұсқалығын куәланырады;
9. азаматтың тірі екендігі туралы фактісін кү-

ландырады;

10. құжаттардың берілген уақытын куәланырады;
11. жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға береді;
12. ақшаны депозитке қабылдайды;
13. орындау қағаздарын жазады;
14. вексель наразылықтарын жасайды;
15. сактауға құжаттар мен бағалы қағаздар қабылдайды;
16. теңіз наразылықтарын жасайды;
17. дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

Нотариаттық қызметтің ұйымдастырылуы мен тәртібін реттейтін заң актілерінің басы 1997 жылы 14 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңы және осы заң негізінде жасалған «Қазақстан Республикасының нотариустарының нотариаттық іс-әрекеттер жасау тәртібі туралы» Нұсқаулығы. Бұл Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет Министрі-нің 1998 жылы 28 шілдедегі № 539 санды бұйрығымен бекітілген, соңдай-ақ осының алдында, яғни 16 шілде 1998 жылғы № 83 санды Әділет Министрінің бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Нотариаттық іс-қағаздарын жүр-гізу жөніндегі» Нұсқаулығы да басты құжат болып табылады.

Осылармен қатар нотариустер өздерінің іс-әрекеттің Қазақстан Республикасының басты заңдарына, яғни Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Баж туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары» Заңына, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Банкроттық туралы» Заңына және тағы осындай заңдармен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің заң құші бар жарлықтарын басшылыққа ала отырып, өз қызметтерін заң негізінде, заңға сәйкес жүзеге асырады.

Қорыта айтқанда, «Нотариат туралы» Заңдар Азаматтық кодекс нормаларынан, нотариат туралы заңдан және Қазақстан Республикасының нотариаттық қызметтің реттейтін өзге де заңдардан тұрады (КР «Нотариат туралы» Заңы 6-бап, 13 бет).

Қазіргі кезде қоғамымызда нотариустердің біліктілігін арттыру мәселесін қолға алу қажет. Себебі нотариустердің заңдарды және өздерінің процессыалдық құқықтары мен міндептерін дұрыс білмеулері салдарынан көптеген азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары шектеліп жатады. Мы-

салы көптеген нотариустер өз қызметін сенім-хаттар беру мен сатып алу сату және жалдау шартын жасаумен ғана шектейді. Мұрагерлікке байланысты істерді нотариустердің басым көшпілігі жүргізуден бас тартады.

Сол себепті, казіргі кезде нотариустерді нотариалдық заңдарда қарастырылған процессуалдық іс әрекеттердің барлығын да жүргізуін мін-деттейтін қағида енгізу керек және мұндай талаптарды орындаған жағдайда лицензиясынан айыруға дейінге жауапкершілік мәселесі қарастырылуы тиіс.

Резюме

Рассмотрена история развития нотариальной деятельности в РК, а также изучены основные принципы осуществления деятельности нотариусов. Проведен правовой анализ законодательством РК, регулирующий деятельность нотариусов.

*Д. А. Конев атындағы
университет*

10.10.07.ж. түскен

ӘДЕБИЕТ

1. *Хутыз М.Х.* Римское частное право. М., 1998.
212 бет.
2. *Глушенко П.П., Седов А.М.* Основы нотариальной деятельности. М.
3. Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 14 шілдесінде қабылданған «Нотариат туралы» Заңы «Юрист» құқықтық анықтама жүйесі.
4. *Сотов П.В., Камаенский Р.А.* Адвокатура и нотариат. М., 1997. 225 б.